

Сәкен Жүнісов

Еш балама табылмайды – қазақ туған Сәкенге-
Сәкен ғана – Ай секілді –Көкшетаудай мекенге,
Сексен көлдің ортасынан серпіп ұшқан қанатын
Қасиетті пірдің құсы – Ұшпайды Аққу бекерге!


Өтежан Нұрғалиев



Сәкен Жүнісов

(1934-2006)

*Сәкен Нұрмақұлы Жүнісов
1934 жылы 11 ақпанда
Көкшетау облысы, Қызылтау
ауданы, Кішкенекөл ауылында
туған. Сәкен Жүнісовтің
әкесі – Нұрмақ өз ортасына
ғұмыр бойы жарық сепкен, елі
үшін аянбай еңбек еткен
белгілі педагог болған.*



Өмірбаяны

- ҚазҰУ-ін бітірген (1957).
- "Пионер" (қазіргі "Ақжол") журналында (1957 - 59)
- Қазақ драма театрында (1960 - 64) әдебиет бөлімінің меңгерушісі
- Қостанай педагогикалық институтында оқытушы (1964)
- "Қазақ әдебиеті" газетінде бөлім меңгерушісі (1964-68)
- КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, Қазақстан жазушылар одағының хатшысы (1988-92) қызметтерін атқарған.

Шығармалары

- *Әжем мен емші дәрігер: Повесть, әңгімелер.-Алматы: ҚМКӘБ, 1961.*
- *Кімнің мекені жақсы.-Алматы: ҚМКӘБ, 1961.*
- *Өшпейтін іздер: Әңгімелер мен повестер.- Алматы: Жазушы, 1968.*
- *. Жапандағы жалғыз үй: Роман.- Алматы: Жазушы, 1973.*
- *. Ақан сері: 1-кітап: Роман.-Алматы: Жазушы, 1971.*
- *. Ақан сері: 2-кітап: Роман.-Алматы: Жазушы, 1977.*
- *Қызым саған айтам...: Пьесалар.-Алматы: Жалын, 1979.*
- *Таңдамалы шығармалары: Екі томдық.- Алматы: Жазушы, 1981.-Т.1: Ақан сері: Роман.-*
- *Т.2: Ақан сері: Роман.*
- *Кімнің мекені жақсы?: кітап., 1983 ж.*
- *Өліара: Пьесалар мен мақалалар.-Алматы: Өнер, 1985*
- *Заманай мен Аманай: Повестер мен әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1987.*
- *. Ақырғы бәйге: Әңгіме.- Алматы: Жалын, 1988.*
- *Жапандағы жалғыз үй: Роман, повесть.-Алматы: Жазушы, 1990.-*
- *Мұхтар Әуезовтің абайтану туралы лекциясынан студент Сәкен Жүнісовтің конспектісі.-Алматы: Санат, 1991, 1996.*
- *. Төрт томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Жазушы, 1995.-*
- *Т.1. Роман, повесть.*
- *. Сәкен сері-Ел жайында. Ел-Сәкен Сері жайында: Көркемсөз, ой толғаныстар мен арнау өлеңдер.- Алматы: ҒОПбк «GAUHAR», 2000*
- *. Ақан сері: Роман. 1-кітап.-Алматы: Жазушы, 2003*
- *Ақан сері: Роман. 2-кітап.-Алматы: Жазушы, 2008.*
- *.. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том: Пьесалар.-Алматы: Қазығұрт, 2005*
- *. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том: Пьесалар.-Алматы: Қазығұрт, 2005.*
- *. Жапандағы жалғыз үй: Роман.-Алматы: Ан-Арыс, 2010*
- *. Қылмыскер: Пьеса. //Жұлдыз.-2006.*

Ерекше айтып кетемін...


- Балаларға арналған "Сонарда" деп аталатын алғашқы кітапшасы 1959 жылы шықты. Бұдан соң, 1961 жылы жас жеткіншектер үшін "Әжем мен емші және дәрігер", 1962 жылы "Кімнің мекені жақсы?", 1983 жылы "Сақау бәтеңке" сияқты т.б. кітаптары жарық көрді. "Өшпейтін іздер" повесін, 1965 жылы "Жапандағы жалғыз үй" романын жазып, орыс тіліне 1968 жылы аударылған. "Ақан сері" дилогиясының бірінші кітабы 1971 жылы жарық көрсе, 1977 жылы екінші кітабы оқырмандарына жол тартты, ал 1979 жылы орыс тіліне аударылды.*

Мақалалары

- *Президентпен болған екі күн: [Жазушы жолжазбасы] //Егемен Қазақстан.-1996.- 4 мамыр.*
- *. Жаңа Астана жаңа ат //Жас Алаш.-1997.-17 мамыр.*
- *. Біз Мұқаңа өмір бойы шәкірт боп қаламыз: [М.Әуезов туралы естелік] //Қазақ әдебиеті.-1997.-қыркүйек.*
- *Анкарада – Абай паркі: Жазушы жолжазбасы //Егемен Қазақстан.-1998.- 7 тамыз.*
- *Ашық ауыздықты доғара тұрғанымыз жөн //Қазақ әдебиеті.-1999.-15 қаңтар.*
- *Хан мен Президент //Қазақ әдебиеті.-1994.-ақпан.*
- *Жақсы әйел азаматты жасытпайды //Егемен Қазақстан.-2003.-*
- *8 наурыз.*
- *Басымен ойлайтындардан аяғымен ойнайтындар асып тұр //Қазақ әдебиеті.-2004.-14-20 мамыр.-1,4-5б.*



Кітаптары



Сәкен Жүнісовтың кітаптары электронды түрде ғаламторда бар.

Сәкен Жүнісов атыдығы...

- Көшелер - Көкшетау қаласында*
- Мектеп - Көкшетау қаласындағы №18 орта мектебі*



Жазушының Астана қаласындағы тұрған үйіндегі ескерткіш тақта.

«Ақан сері» фильмі



*«Ақан сері» деректі фильмі
1993 ж. түсірілді.
(«Қазақфильм»)*

«Заман-ай» фильмі



"Аманай мен Заманай" романының желісі бойынша 1987 жылы "Заманай" атты көркем фильм түсірілді. («Қазақфильм»)

Өмірі мен шығармашылығы туралы ...

- Әшімбаев С. Торыны таң асырып мінген сері // Екі томдық шығармалар жинағы.-Астана,2006.-Т.2: Әдеби сын.-74-90б.
- Ерғөбек Қ. Қос жанрда қатар шапқан: [С.Жүнісовтің шығармашылығы туралы] //Арыстар мен ағыстар.-Астана, 2003.-105-112б.
- Ерғалиев Ж. Суреткер сыры немесе рухы мықты жазушы: [Сәкен Жүнісов туралы] //Астана ақшамы.-2004.-3 ақпан (№17).-3б.
- Жұмабек.С.Е. Шырғалаң кезең шындығы: [С.Жүнісов туралы] // Жұмабек С.Е. Сын әуені.-Астана, 2001.-135-142б.
- Жүнісов С. //Қазақ совет энциклопедиясы: 4-том.-Алматы,1974.-530б.
- Жүнісов С. //Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедиясы: 4-том.-Алматы,1988.
- Жүнісов С. Өмірі мен шығармашылығы жайлы // Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық.-Алматы: Қазақпарат, 2005.-12-18 мамыр.-15б.
- Жүнісов С. //Қазақ театрының тарихы: Екі томдық.Т.2.-
- Алматы: Ғылым,1978.
- Шапауов Ә. Драматургия мәселелері: //Шапауов Ә. Сәкен Жүнісов – драматург: Оқу құралы.-Павлодар, 2002.-76б.

«Қазақтың Сәкен серісі – қара сөздің өресі»

2014 жылы 12 ақпанда Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжінің салтанат залында филология бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстанның халық жазушысы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты **Сәкен Нұрмақұлы Жүнісовтің** 80 жылдық мерейтойына арналған «Қазақтың Сәкен серісі – қара сөздің өресі» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.



«Айналайын халқымнан Сері атаған»



Алматыдағы №4 орталық кітапханада Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, драматург Сәкен Жүнісовтің 80 жылдық мерейтойына арналған «Айналайын халқымнан Сері атаған» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Арнау

Кетіп жатыр қатарлар бірге жүрген,
Тым ертерек қоштасып гүлді өмірмен.
Алғы күнде жолығу жоқ енді деп,
Аялайсың соларды бір көңілмен.
Қатарым-ай қарайтын қабағыма,
Шуақ сыйлап жүретін жанарыма.
Ескіні де есіркеп бір көңілмен,
Бір жүрекпен сүюші ек жаңаны да.
Басымыздан бұл дәурен өтер дедік
Бірімізге-біріміз сүйеніш боп,
Бірімізді-біріміз жетектедік.
Алдан үміт көп күттік арды баспай,
Көрінуші ең көзіме мәңгі жастай
Сырласушы ек, бауырым, сыйласушы ек
Аға-інідей немесе жан құрдастай.
Бәйге алдынан қашанда сені көрдім,
Көп еді ғой қиялға берілер күн.
Қазақтағы біз білген Сәкен сері,
Соңы болып жүрмегей серілердің.
Қашаннан-ақ халықтың тарланды ері
Жылаттың-ау жанымды таңнан бері
Ән шырқасаң әніңе қосылатын
Орман-көлі қазақтың арман жері.
Той емес-ау өмірдің арты кілең,
Тауға шықтың тағдырдың тәртібімен.
Шын жігітке берілер сегіз қырдың
Бәрі сенде бар еді артығымен.
Кейде солып көңілдің гүл талабы,
Биікті де қайтерсің бұлт алады.
Рухың халқыңмен бірге жасап,
Талай шыңға шығасың шырқап әлі.

Тұманбай Молдағалиев

Сөз дегенің неткен жұтаң... іздегенге таптырмас,
Әншейінде бақ-бақ етіп, көлге жылқы жаптырмас.
Сәкен деген шалқар дария. Қазақтың кең дариясы,-
Қазір – дауыл... қазір – аппақ... ашық аспан дақ
тұрмас.

Сері менен серкеліктің айырмасы бола ма?
Ерлік пенен еркеліктің айырмасы бола ма?
Осы төрт сөз шынжыр құсап біріккенің өзінде
«Сәкен сері» деген сөзге бола алмайды балама!

Еш балама табылмайды – қазақ туған Сәкенге-
Сәкен ғана – Ай секілді –Көкшетаудай мекенге,
Сексен көлдің ортасынан серпіп ұшқан қанатын
Қасиетті пірдің құсы – Ұшпайды Аққу бекерге!

Өтежан Нұрғалиев

Өмір сүйдің, сүйдің аққу өленді,
Күнің таяп, жүрек жаулап өртенді.
Сонда дағы халқыңа сен арнадың,
Өлең деген жұмсақ жылы көркінді.

Жазушы едің жастайыңнан азулы,
Сүйдің әркез заман жайлы жазуды.
Бірақ, бірақ ұмытпадың бір сәтке
Жүректегі өлең деген аруды.

Бұл өмірдің көріп небір азабын,
Шын жүректен тебірене жазамын.
Дәл өзіндей мен де бір күн жан болам
Сүйетұғын, сыйлайтұғын қазағын!

Болат Көкнұр

Тірі жұлдыз сөнді бүгін,
Жарқылын шашқан жан-жаққа.
Шықты Астана сүйікті ұлын,
Шығарып жолға салмаққа.
Көз жұмды өнер пырағы,
Қазақтың ғажап дүлдүлі.
Самғаған қыран құлады,
Сайраған бұлбұл тынды үні.
Шаршы топ тұрар бас иіп,
Сол еді-ау жігіт озығы.
Заңғарға жетті ең биік,
Сөз гүлін төгіп өз үні.
Тұлпар десең тұлпар сол,
Бәйге жоқ оны қарсы алмас.
Ән-күйге ынтық, іңкәр сол,
Алдына тірі жан салмас.
Құлагер мұңын қозғаған,
Шұрқырап шықты құлындай.
Болса да Ақан өз бабам,
Жалғасты Сәкен ұлындай.
Таппады тыныс бір ауық,
Әр саққа терең бойлады,
Сұм жалған еккен шырмауық,
Шырматпай оны қоймады.
Өксікті тұрсам жоя алмай,
Кетпессің бауырым көңілден.
Ұйқыда жатып оянбай,
Қапыда кеттің өмірден.

Кәкімбек Салықов

Таба алмай тұрмын теңеуін,
Жалғаннан неғып жөнөдің?!
Сеңгірдей көкпен таласқан,
Серінің соңы сен едің.

Биікте тұлғаң – ең шынар,
Өмірде саған енші бар.
Заманмен жаңа заңдасқан,
Серінің басы сен шығар.

Ақан серінің өзі едің,
Ата-тегімнің көзі едің
Жапанда жалғыз қарағай,
Өрт шалып кеткен өзегін

Құлагер мұнда құлаған,
Сорлы Ақан сонда жылаған.
Байқайсыңдар ма ағайын,
Ұқсап тұр соған – бұл адам!
Түсінбес бәлкім хас надан,
Бөлек қой бағаң басқадан.


Асығып жеткен
Астанаң,
Астанаң-
Мәңгі баспанаң!

Серік Тұрғынбекұлы

Жылдар...Жылдар...Жылдар...



1954



1955



1962




1972



*Қуатты толқынның бір тобы: К.
Смаилов, Ә.Мәмбетов,
Ш.Мұртаза, Ә.Тарази, Сәкен сері,
Қ.Жұмаділов*




*Париж. ЮНЕСКО. Коллоквиум
алдындагы кеңес: Сәкен сері,
Ш.Айтматов, М.Әуезов*



*Сәкен сері жары Марина, ұл-
қыздары: Гүлмира, Ақбота,
Жанботамен. 1987 жыл*



Қыздары Марал мен Гүлнәр. 1983 жыл



*Сәкен сері Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен.
1996 жыл*



*Сәкен сері И.Тасмағамбетовпен.
1997 жыл*



*«Ақан сері» романындағы кейіпкерлер:
Ақтоқтының баласы Жәйлау мен автор.
Көкшетау. Қызыл сая. 1970 жыл*



*Науан хазыреттің ұлы Ғазизтай мен автор Сәкен сері.
Көкшетау. 1970 жыл*

С.Жүнісов ұстаздан да, шәкірттен де жолы болған қаламгер

Әдебиет әлемінің асқар шыңын бағындырған классик М.Әуезов ұстазы болса асқар Алтайдың кербұғысы атанған Оралхан Бөкей шәкірті еді.



Мұхтар Әуезов

Оралхан Бөкей



